

**Жалпы білім беру ұйымдарының оқушылары арасындағы республикалық Абайтану олимпиадасын өткізу ережесі**

**I. Жалпы ереже**

Жалпы білім беру ұйымдарының оқушылары арасында қазақ тілі мен әдебиетінен республикалық Абайтану олимпиадасын (бұдан әрі - Олимпиада) өткізу Ережесі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы ұлттық бірегейлікті сақтау идеясын жүзеге асыру шеңберінде және ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойы қарсаңында әзірленді.

Берілген Ереже қазақ тілі мен әдебиетінен республикалық Абайтану олимпиадасын (бұдан әрі – Олимпиада) ұйымдастыру мен өткізу тәртібін анықтайды.

Олимпиаданың негізгі мақсаты:

- М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын толық меңгеру арқылы кемеңгердің ақындық болмысына үнілуге, Абайдың шығармашылық өмірінен ғибрат алып, өмірде қолдана алуға бағыттау, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту;

- Қазақстан Республикасының дарынды оқушыларын анықтау, дамыту және қолдау көрсету болып табылады.

Олимпиаданың негізгі міндеттері:

- Абай өлеңдерінің мән-маңызы мен қадір-қасиетін түсінуге бейімдеу;

- Абай қарасөздерінің тәрбиелік-тағылымдық маңызын меңгеру;

- Абайша ойлауға ұмтылу, сөйлеу мәдениетін үйренуге, тіл тазалығын сақтауға дағдылану және күнделікті өмірде қолдану.

Олимпиада жыл сайын Алматы қаласындағы Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернатында өткізіледі.

**II. Олимпиаданың жұмысшы органы**

Олимпиаданы үйлестіру және дайындау мен өткізу бойынша істі жүзеге асыру үшін Республикалық ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - Республикалық комитеті) құрылады.

*Республикалық ұйымдастыру комитеті:*

1) олимпиадаға жалпы жетекшілік етуді жүзеге асырады;

2) республикалық ғылыми-әдістемелік кеңесті (бұдан әрі – Ғылыми-әдістемелік кеңес) құрады;

3) олимпиаданың Республикалық кезеңінің қазылар алқасының құрамы мен саны бойынша ұсыныстар енгізеді;

4) олимпиаданың қорытындысын сараптайды және таратады;

5) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне (бұдан әрі – Министрлік) Олимпиаданың республикалық кезеңінің жүлдегерлері тізімін бекіту үшін ұсынады.

*Ғылыми-әдістемелік кеңес:*

1) олимпиаданың регламентін жасайды (кезендер, айналымдар саны, әр айналым тапсырмаларын орындау уақыты және т.б.);

2) олимпиаданың барлық кезендерін өткізу түрін анықтайды;

3) олимпиаданың екінші (облыстық) және үшінші (республикалық) кезендерінің тапсырмаларының мазмұнын, оқушылар жұмыстарының бағалау өлшемдерін жасап шығарады;

4) ұсынылған тапсырмалардың ғылыми-әдістемелік деңгейіне, дұрыстығына, олардың Олимпиаданың белгілі бір кезеңінің талаптарына сәйкестігіне жауап береді;

5) олимпиада өткенге дейін тапсырмалардың құпиялығын қамтамасыз етеді.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау, Олимпиада қатысушыларының рейтингісін құру үшін қазылар алқасы Қазақстан Республикасының алдыңғы қатарлы ЖОО ғалымдары, білім басқармалары мен бөлімдерінің әдіскерлері, тіл және әдебиет саласының танымал мамандары мен бұқаралық ақпарат құралдарының басшыларынан құралады.

Олимпиаданың республикалық кезеңінің төрағасы мен құрамы Республикалық ұйымдастыру комитетінің ұсынысы бойынша Министрлікпен бекітіледі.

Әр сынып бойынша қазылар алқасының саны тақ саннан (3 адамнан кем емес) құралады.

Қазылар алқасының құрамына оқушысы Олимпиадаға қатысатын мұғалімдер кіргізілмейді.

Олимпиаданың қазылар алқасы:

- жұмыстарды тексереді және бағалайды, қатысушыларды жұмыстарды тексеру нәтижесімен таныстырады;

- қатысушылардың жұмысын бағалауда даулы жағдайларды талқылайды;

- жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды;

- олимпиада қатысушыларымен орындалған тапсырмаларды талқылау мен үйлестіруді өткізеді.

### **III. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі**

Олимпиадаға қазақ тілінде білім беретін облыстық кезеңнің жеңімпаздары атанған жалпы білім беретін ұйымдардың 9-11-сынып

оқушылары қатысады.

Олимпиада 3 кезеңде өткізіледі:

1-кезең – аудандық (қалалық) – аудандық және қалалық білім бөлімдерінде білім басқармасының тиісті органдары дайындаған тапсырмалар бойынша өткізіледі;

2-кезең – облыстық – облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалық білім басқармалары мен РББҰ, «Назарбаев зияткерлік мектептері», республикалық білім беру ұйымдары, желілік «Абай мектептерінде» республикалық Ғылыми-әдістемелік кеңес дайындаған тапсырмалар бойынша өткізіледі;

3-кезең – республикалық – Республикалық ғылыми-әдістемелік кеңес дайындаған тапсырмалар бойынша өткізіледі.

Олимпиаданың үшінші кезеңіне екінші кезеңнің жеңімпаздары қатысады.

Ескерту: желілік «Абай мектептері» оқушылары облыстық іріктеуге қатыспайды, 2-кезеңге сәйкес мектепшілік іріктеу өткізеді. Мектепшілік іріктеудің жеңімпазы тікелей Республикалық кезеңге жолдама алады.

Олимпиада екі айналымнан тұрады. Бір оқушы екі айналымға да қатысады.

1-айналым – қатысушы Абай қарасөздері мен поэзиясы негізінде дайындалған тақырыптардың біріне эссе жазады (3 сағат);

2-айналымда:

1) М.Әуезовтің «Абай жолы» романы бойынша:

а) қатысушы М.Әуезовтің «Абай жолы» романынан берілген үзіндінің қай тарау, бөлімнен алынғанын айтып, мазмұнын жалғастырады;

ә) роман мазмұнынан «сократтық» сұрақтар беріліп, логикалық деңгейі тексеріледі.

2) Абай шығармашылығы бойынша дайындалған тапсырмаларға жауап береді:

а) Өлеңнің адам өміріндегі орнын Абай өлеңдерімен дәлелдейді;

ә) Өлең жазудағы ақынның мақсатын Абай өлеңдерімен дәлелдейді.

3) Абай поэзиясын қалай меңгергендігін байқау:

а) Абай өлеңдерінің құрылысындағы ерекшеліктерді анықтайды;

ә) Абайдың қазақ поэзиясына қосқан жаңалығын дәлелдейді.

4) Абай іліміне оқушы өз көзқарасын білдіреді. Мысалы:

а) Абай айтқан «бес асыл іс» бүгінгі күнде өзекті ме?

ә) Абай халқына қандай жол ұсынды?

5) Абайтанушылар жайлы жалпы білімін көрсетеді.

6) М. Әуезовтің «Абай жолы» романынан алынған сөйлемге кешенді талдау жасау арқылы грамматикалық сауаттылығы анықталады.

Жұмыстарды бағалауда неғұрлым объективтілікті қамтамасыз ету үшін Олимпиаданың барлық қатысушыларымен тапсырмаларды талқылау

жүргізіледі. Тапсырмаларды талқылағаннан кейін, қатысушылардың тілегі бойынша, жұмыстарды үйлестіру өткізіледі.

Қатысушылардың жетекшілері Олимпиаданың өткізу уақытында, келген сәттен бастап өтетін орынға дейін, оны өткізу мерзімі және кейін тұрғылықты орнына жеткізілгенге дейін қатысушылар үшін толық жауапты.

#### **IV. Олимпиада жеңімпаздарын марапаттау**

1. Олимпиаданың әр кезеңінің жеңімпаздары I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

2. Олимпиаданың үшінші кезеңінің жеңімпаздар саны қатысушылар санының 45%-ын құрайды, ҚР Білім және ғылым министрінің жеңімпаздары I, II және III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

3. Олимпиаданың үшінші кезеңінің барлық қатысушыларына сертификаттар табысталады.

#### **V. Қаржыландыру**

Олимпиада қатысушыларының жол жүруі, тамақтану шығындары жіберуші білім мекемелерінің есебінен жүзеге асырылады, жатын орны тегін.

Олимпиаданы өткізу, жүлдегерлерді марапаттау Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернаты бекіткен шығындар сметасы шегінде жүзеге асырылады.